



## БҰЙРЫҚ

2024 жылғы «02 » қыркүйек

## ПРИКАЗ

«02 » сентября 2024 года

№41

**2024-2025 оқу жылына арналған тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу, бракераждық комиссиясының жұмысын ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы", «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығы, «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Қаракемер негізгі мектебіндегі тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу және тамақтандыру жұмысын ұйымдастырылуын бақылау үшін төмендегідей бракераждық комиссия құрылсын:

1-1.Комиссия төрағасы: Б.И.Жумалиев- мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

1-2.Ж.О.Әмірғали-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

1-3.О.Ж.Каюпова-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ;

1-4. Г.А.Бикешева – мектеп медбикесі;

1-5. Қ.М.Сарсенғалиев – шаруашылық меңгерушісі;

1-6. С.С.Бекмуханова – ата -аналар кеңесінің төрайымы;

1-7. С.У.Санникова – қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

2.2024– 2025 оқу жылы бойынша Қаракемер негізгі мектебіндегі тамақтандыру сапасына мониторинг жүргізу үшін бракераждық комиссиясының жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

3.Комиссияға келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу міндеттелсін.

4.Тағам дайындалатын ыдыстардағы дайындалатын сынаманы алып отыру, бракераж нәтижелерін дайын аспаздық өнімінің бракераждық журналында тіркеу, көрсетілген таратылып салу мәзірінде тағамның түсіміне сәйкес болатын порциялық тағамның түсімін қадағалау бракераждық комиссия мүшелеріне міндеттелсін.

5.Айына бір рет интернет ресурсқа комиссия жұмысының тамақтану сапасын мерзімдік бағалау туралы акт орналастырылсын.

6. Токсанына бір рет интернет ресурсқа комиссия жұмысының есебі туралы ақпарат орналастырылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.О.Әмірғалиға жүктелсін.

Мектеп директоры:  Б.И.Жумалиев

